

Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 288 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5021 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 30 наурыздағы N 91 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.03.30 N 91 Бұйрығымен.

"Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 558 қаулысын іске асыру мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығару) ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы міндетті тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтарды) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жылжымайтын объектілер жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу органы куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру мемлекеттік

қызмет көрсетудің стандарты;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу туралы, заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу туралы құжаттарды ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы филиалдарды және өкілдіктерді есептік тіркеуге (қайта тіркеуге) құжаттарды ресімдеу, филиалдар және өкілдіктер туралы ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты ;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы Заңды тұлғаны (филиал мен өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу және есептік тіркеу туралы куәліктің, заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) құрылтай құжаттарының төлнұсқаларын беруге арналған құжаттарды ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы заңды тұлғалардың қызметін тоқтатуды, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығаруын тіркеу үшін құжаттарды ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы некені бұзу туралы куәлікті беру мемлекеттік қызмет көрсетудің с т а н д а р т ы ;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы туу туралы куәлік беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәлікті қайтадан беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы куәлікті беру мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты ;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы Қазақстан Республикасының азаматтарына уақытша жеке куәлік беруді ресімдеу мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты бекітілсін.

2. Халыққа қызмет көрсету орталықтарының басшылары көрсетілген стандарттарды ХҚО жұмысына енгізуді қамтамасыз етсін.

3. Халыққа қызмет көрсету орталықтарының басшылары көрсетілген стандарттарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін және Web-сайттарда орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Уәкілетті органдар өз бағыттары бойынша стандарттарды орындауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң м . а .
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 қ а з а н д а ғ ы
N 2 8 8 б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің СТАНДАРТЫ "Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру"

Ескерту. Стандартқа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.12 N 14 Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарын, куәліктерін беру - өздерінің конституциялық және азаматтық құқықтарын (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке басын куәландыратын құжаттарды берудің тәртібін анықтайды.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысының және "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 3513 болып тіркелген), негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті аумақтық әділет органдары (бұдан әрі - уәкілетті орган) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) арқылы көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің аяқтау нысаны Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар және (немесе) жеке куәліктер беру
б о л ы п т а б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетіледі

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) Жеке басын куәландыратын құжаттар (паспорт және жеке куәліктер) құжат алуға 1-н арызды ресімдеген күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей
б е р і л е д і .

Мемлекеттік қызмет 7, 10 және 15 жұмыс күні мерзімдеріне жедел түрде
к ө р с е т і л е а л а д ы .

Құжаттарды жедел дайындау және жеткізілуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге бағалардың преysкуранты "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің " Ақпараттық-өндірістік орталық" шаруашылық жүргізу негізіндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорыны көрсететін, Қазақстан Республикасының жеке басты куәландыратын құжаттарды жеделдетіп дайындау және жеткізілуін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін бағалардың преysкурантын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 400-ОД бұйрығына сәйкес жүргізіледі;

2) құжаттарды тапсырған кезде кезекте күту уақыты 30 минуттан аспайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.11 N 12, 2009.02.12 N 14 Бұйрықтарымен.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген Қазақстан Республикасы азаматының паспортын беруге мемлекеттік баж айлық есептік көрсеткіштің 400 % мөлшерінде, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі үшін айлық есептік көрсеткіштің - 20 % мөлшерінде алынады. Қараныз K080000099

Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары мен жеке куәліктері берілгені үшін: Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек даңқы, "Алтын қыран", "Халық қаһарманы", "Отан" ордендерімен наградталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оның мүгедектері және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес оларға теңестірілген адамдар, бала

кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер, қарттарға арналған интернат-үйлерде тұратын қарттар, мемлекеттің толық қарамағындағы және балалар үйлері мен интернат ұйымдарында тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген веб-сайттарында, сондай-ақ ақпараттардың ресми көздерінде және орталықтар үй-жайларындағы стендтерде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет аптаның алты күнінде, жексенбіні қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ға дейін ұсынылады. Қабылдау "электронды" кезек тәртібінде, алдын-ала жазбасыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет тұтынушының тұрғылықты жеріндегі Орталық ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту үшін креслолар, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы тұрғылықты жері бойынша тіркеуде екенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабын, құжат үшін мемлекеттік баж төлемі туралы түбіртекті (мемлекеттік баж төлеуден босатылған тұлғалар растайтын құжаттар), фотосуреттер және келесі құжаттардың біреуін ұсынады:

- 1) туу туралы куәлік;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- 4) белгіленген нысандағы Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылданғаны туралы анықтама;
- 5) қайтып оралу куәлігі.

Жеке куәлікке ресімдеген жағдайда көлемі 3,5x4,5 см 2 фотосурет, жеке куәлікті паспортпен бірге немесе тек паспортқа ресімдеу кезінде арызданушы 3 фотосурет ұсынуы қажет.

Фотосурет арызданушының құжат ресімдеу кезіндегі жасына сәйкес, қатаң түрде жарық жерде, нейтралды бет-бейнесімен ауызы жабық және алдынан түсірілген болу керек, бұл ретте адамның беті фотосуреттің жалпы көлемінің 75 % жуығын алуы тиіс.

Фотосуреттер фотобаспа әдісімен бір негативтен қалың фотоқағазда басылуы қажет. Компьютерлік сканерлеу және модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді.

13. Жеке басты куәландыратын құжаттарды беру үшін 1-н арызды бланкілер, қатаң есептегі бланкі болып табылады және Орталық инспекторында болады, онымен толтырылады.

14. Құжаттарды қабылдау "терезенің" арналғаны және атқаратын функциясы туралы ақпарат ілінген, сондай-ақ Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетілген "терезе" арқылы жүзеге асырылады.

15. Тұтынушыға :
сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;
сұранып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны және атауы;
құжаттардың беру күні, уақыты және орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілуімен, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат ;

құжатты беру бойынша 1-н арыздың жыртылмалы түбіршегі беріледі.

16. Дайын құжаттарды тұтынушыға беру Орталық инспекторымен "терезе" арқылы күн сайын түбіршек және мерзімі көрсетілген қолхат негізінде жүзеге асырылады .

Егер тұтынушы құжаттарды алуға мерзімінде хабарласпаған жағдайда, Орталық олардың бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органға береді.

17. Осы стандарттың 12 тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі тұтынушымен ұсынылмаған жағдайда, Орталықпен мемлекеттік қызмет көрсетуде бас тартылуы мүмкін.

Уәкілетті орган құжаттарды ресімдеу кезінде қателіктерді анықтаған жағдайда, құжаттар пакетін алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін жазбаша дәлелдеп, Орталыққа қайтарып береді.

Орталық бас тарту себебін алған соң өтініш берушіге оларды алған соң бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді және уәкілетті органның бас тарту себебінің жазбаша негіздемесін береді.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Орталық қызметі :

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышты сақтау кезінде заңдылықты сақтау;

3) с ы п а й ы л ы қ ;

4) түбегейлі және толық ақпарат беру;

5) ақпаратты қорғау және құпиялылық қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасына наразылықтар болған жағдайда шағым Орталық директорының және (немесе) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі басшылығының атына беріледі.

22. Шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта бойынша немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электронды түрде не Орталықтың кеңсесі арқылы жұмыс күндерінде қолма-қол қабылданады.

23. Қабылданған шағым Орталықтың ақпараттарды есепке алу журналында тіркеледі және заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

6. Байланыс ақпараты

24. Орталық директорының жұмыс және қабылдау кестесі Орталықтың жұмыс кестесіне сәйкес анықталады.

Орталықтың байланыс телефондары ақпараттардың ресми көздерінде және Орталық үй-жайларындағы стендтерде орналастырылады.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, N 35 көше, N 8 үй, веб-сайт: www.minjust.kz., call-орталықтың нөмір телефоны (7172) 50-29-31.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

N п/п	Орталықтардың атауы	Орталықтардың орналасу мекенжайлары	Телефондары нөмірі
-------	---------------------	-------------------------------------	--------------------

1	Астана қаласы Алматы ауданының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., Жұбанов көш., үй 2	37-02-06
2	Астана қаласы Алматы ауданының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., 70 "а" көш.	40-65-62
3	Астана қаласы Сарыарқа ауданының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., Пушкин көш., 97 үй	37-70-65
4	Астана қаласы Сарыарқа ауданының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., 81 көш., 85 үй	43-84-14
5	Алматы қаласы Алмалы ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 221 үй	263-82-51
6	Алматы қаласы Түрксіб ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Зорге көш., 9 үй	234-09-64
7	Алматы қаласы Бостандық ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Ходжанов көш., 9 үй	248-17-77
8	Көкшетау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Көкшетау қ., Әуезов көш., 189 "а" үй	40-10-76
9	Ақтөбе қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Ақтөбе қ., Тургенев көш., 109 үй	57-84-84
10	Талдықорған қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Талдықорған қ., Тәуелсіздік, көш. 67 "б" үй	24-41-33
11	Атырау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Атырау қ., Баймұханов көш., 16 үй	35-47-05
12	Орал қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Орал қ., Жамбыл көш., 81 үй	28-40-73, 28-13-12
13	Тараз қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Тараз қ., Қойгелді көш., 158 "а" үй	43-84-18 (i. 147)
14	Қарағанды қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Мұқанов көш., 5 үй	77-26-57, 77-37-43
15	Қарағанды қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, Чкалов көш., 7 үй	41-63-03
16	Қарағанды қаласының N 3 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Октябрь ауданы, 21 шағын ауд., 67 үй	42-72-60 (i.137)
17	Қарағанды қаласының N 4 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Теміртау қ., Блюхер көш., 23 үй	98-65-87
18	Қостанай қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қостанай қ., Таран көш., 114 үй	53-45-74

19	Қызылорда Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Қызылорда Мұратбаев көш., б/н	қ.,	23-05-78
20	Ақтау Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Ақтау қ., 15 шағын ауд., 67 "б" үй		31-85-16
21	Шымкент N 1 Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Шымкент қ., Мәделі-Қожа көш., н/ж		30-06-79
22	Шымкент N 2 Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Шымкент қ., Мәделі-Қожа көш., н/ж		21-46-37
23	Павлодар Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Павлодар Павлов көш., 48 үй	қ.,	33-47-55
24	Петропавл Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Петропавл Әуезов көш., 157 үй	қ.,	33-66-16
25	Өскемен N 1 Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Өскемен Белинский көш., "а" үй	қ., 37	22-24-28
26	Өскемен N 2 Халыққа көрсету орталығы	қаласының қызмет	Өскемен Ушанов көш., 99/1 үй	қ.,	29-61-28
27	Өскемен қаласының N 3 Халыққа қызмет көрсету орталығы		Семей 408-ой 21 үй	қ., квартал,	33-55-93

Мемлекеттік қызмет көрсету

стандартына 2-қосымша

Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақыттылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50%	
2. Сапасы			
2.1. қызмет көрсетулерді ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	

2.2. құжаттар дұрыс ресімделген жағдайлары (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	85%	
3. Қол жетімділік			
3.1. қызмет көрсетулерді ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушылар құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызмет көрсетулердің, ақпараттардың % (үлесі)	50%	40%	
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызмет көрсетудің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санымен негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізді шағымдардың % (үлесі)	95%	70%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі)	85%	75%	
4.4. шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	90%	70%	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң м . а .

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 қ а з а н д а ғ ы

№ 2 8 8 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің СТАНДАРТЫ "Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеуді (тіркеуден шығару) ресімдеу"

Ескерту. Стандартқа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.12 № 14 Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу Қазақстан Республикасында халықтың ішкі көші-қонын есепке алу жүргізу мақсатында жүзеге асырылады (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысының және "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 3513 болып тіркелген), негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет аумақтық әділет органдарымен (бұдан әрі - уәкілетті орган) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) арқылы көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің аяқтау нысаны азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу (тіркеуден шығару) туралы белгімен азаматтарды тіркеу кітабын беру болып табылады.

6. Тұратын жері бойынша тіркеуге Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын немесе тұрақты тұруға шетелден келген Қазақстан Республикасының азаматтары жатады.

Тіркеуден басқа тұратын жеріне шығып кеткендер, сот үкімінің негізінде бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сот шешімімен тұрғын үй-жайды пайдалану құқығынан айырылған деп танылғандар жатады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) азаматтарды тіркеу және тіркеуден шығару екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

2) құжаттарды тапсырған кезде кезекте күту уақыты 40 минуттан аспайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.11 N 12 бұйрығымен.

8. Тұрғылықты жеріне тіркегені үшін 10 % айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақы төленеді.

Тіркеуден шығару тегін жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген веб-сайттарында, сондай-ақ ақпараттардың ресми көздерінде және орталықтар үй-жайларындағы стендтерде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет аптаның алты күнінде, жексенбіні қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ға дейін ұсынылады. Қабылдау "электронды" кезек тәртібінде, алдын-ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет тұтынушының тұрғылықты жеріндегі Орталық ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту үшін креслолар, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Тұрғылықты жері бойынша тіркеу үшін азаматтар мынадай құжаттарды ұсынады :

тұрғын үй меншік иесінің келісімі бар тіркеу туралы өтініш;
тұрғын үйге құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі (ХҚКО-ның қызметкері көшірмесін түпнұсқасымен салыстырып тексереді және түпнұсқасын иесіне қайтарады) ;

түбіртегі немесе төлегенін растайтын құжаты;
бұрынғы тұрған жерінен мекен-жайлық кету парағы;
жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі (он алты жасқа дейінгі балаларға - туу туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі, шет елдерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген азаматтарға – Қазақстан Республикасы азаматының паспортының түпнұсқасы және оның елінің бұрынғы тіркеуден шығарғаны туралы деректері мен белгілері туралы құжатының көшірмелері), ХҚКО-ның қызметкері көшірмесін түпнұсқасымен салыстырады және түпнұсқасын өтініш иесіне қайтарады;

азаматтарды тіркеу кітабы (болмаған жағдайда азаматтарды тіркеу кітабы тіркеуге өтініш берген кезде бір мезгілде жасайды).

Әскери міндеттілер қосымша ұсынады:
әскери билетінің түпнұсқасы мен көшірмесі (әскери билетінің орнынан берген уақытша куәлігінің) немесе жергілікті әскери басқарманың жергілікті органдарының әскери есепке алу белгісі бар тіркеу билеті (әскерге шақырылатындар үшін) тіркеу куәлігінің көшірмелері. Тіркеу куәлігінен, әскери билетінен (әскери билеттің орнынан берілген уақытша куәліктен) азаматтың орнықтырушы деректерін қамтитын бетінің көшірмесі және әскери есепке алынғаны туралы белгі түсіріліп алынады. ХҚКО-ның қызметкері көшірмесін түпнұсқасымен салыстырып тексереді және өтініш берушіге түпнұсқасын қайтарады ;

Тіркеуден шығу үшін азаматтар келесі құжаттарды ұсынады:

өтініш ;

азаматтарды тіркеу кітабы (ол болмаған жағдайда - мекен-жай бюросынан тіркеу туралы анықтама немесе мекен-жай бюросы жоқ жерде әділет органының анықтамасы) ;

жеке куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі (он алты жасқа дейінгі балалар - туу туралы куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі). ХҚКО-ның қызметкері көшірмесін түпнұсқасымен салыстырып тексереді және түпнұсқасын өтініш берушіге қайтарады .

Әскери билетінің түпнұсқасы мен көшірмесі (әскери билетінің орнынан берген уақытша куәлігінің) немесе жергілікті әскери басқарманың жергілікті органдарының әскери есепке алу белгісі бар тіркеу билеті (әскерге шақырылатындар үшін) тіркеу куәлігінің көшірмелері. Тіркеу куәлігінен, әскери билетінен (әскери билеттің орнынан берілген уақытша куәліктен) азаматтың орнықтырушы деректерін қамтитын бетінің көшірмесі және әскери есепке алынғаны туралы белгі түсіріліп алынады. ХҚКО-ның қызметкері көшірмесін түпнұсқасымен салыстырып тексереді және өтініш берушіге түпнұсқасын қайтарады .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2009.02.12 N 14 Бұйрығымен.

13. Бланкілер күту залындағы арнайы тағанда орналастырылады немесе Орталықтың консультантында болады.

14. Құжаттарды қабылдау "терезенің" арналғаны және атқаратын функциясы туралы ақпарат ілінген, сондай-ақ Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетілген "терезе" арқылы жүзеге асырылады.

15. Тұтынушыға :
сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;
сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
құжаттардың беру күні, уақыты және орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілуімен, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

16. Дайын құжаттарды тұтынушыға беру Орталық инспекторымен "терезе" арқылы күн сайын мерзімі көрсетілген қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Егер тұтынушы құжаттарды алуға мерзімінде хабарласпаған жағдайда, Орталық олардың бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органға береді.

17. Уәкілетті орган құжаттарды ресімдеу кезінде қателіктерді анықтаған жағдайда, құжаттар пакетін алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін жазбаша дәлелдеп, Орталыққа қайтарып береді.

Орталық бас тарту себебін алған соң өтініш берушіге оларды алған соң бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді және уәкілетті органның бас тарту себебінің жазбаша негіздемесін береді.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Орталық қызметі:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышты сақтау кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) сыйылық;
- 4) түбегейлі және толық ақпарат беру;
- 5) ақпаратты қорғау және құпиялылық қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасына наразылықтар болған жағдайда шағым Орталық директорының және (немесе) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі басшылығының атына беріледі.

22. Шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта бойынша немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электронды түрде не Орталықтың кеңсесі арқылы жұмыс күндерінде қолма-қол қабылданады.

23. Қабылданған шағым Орталықтың ақпараттарды есепке алу журналында тіркеледі және заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

6. Байланыс ақпараты

24. Орталық директорының жұмыс және қабылдау кестесі Орталықтың жұмыс кестесіне сәйкес анықталады.

Орталықтың байланыс телефондары ақпараттардың ресми көздерінде және Орталық үй-жайларындағы стендтерде орналастырылады.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, N 35 көше, N 8 үй, веб-сайт: [www.minjust.kz.](http://www.minjust.kz), call-орталықтың нөмір телефоны (7172) 50-29-31.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

N п/п	Орталықтардың атауы	Орталықтардың орналасу мекенжайлары	Телефондары нөмірі
1	Астана қаласы Алматы ауданының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., Жұбанова көш., үй 2	37-02-06
2	Астана қаласы Алматы ауданының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., 70 "а" көш.	40-65-62
3	Астана қаласы Сарыарқа ауданының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., Пушкин көш., 97 үй	37-70-65
4	Астана қаласы Сарыарқа ауданының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., 81 көш., 85 үй	43-84-14
5	Алматы қаласы Алмалы ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 221 үй	263-82-51
6	Алматы қаласы Түрксіб ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Зорге көш., 9 үй	234-09-64
7	Алматы қаласы Бостандық ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Ходжанов көш., 9 үй	248-17-77
8	Көкшетау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Көкшетау қ., Әуезов көш., 189 "а" үй	40-10-76
9	Ақтөбе қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Ақтөбе қ., Тургенев көш., 109 үй	57-84-84
10	Талдықорған қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Талдықорған қ., Тәуелсіздік, көш. 67 "б" үй	24-41-33
11	Атырау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Атырау қ., Баймұханов көш., 16 үй	35-47-05
12	Орал қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Орал қ., Жамбыл көш., 81 үй	28-40-73, 28-13-12
13	Тараз қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Тараз қ., Қойгелді 158 "а" үй	43-84-18 (i. 147)
14	Қарағанды қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Мұқанов көш., 5 үй	77-26-57, 77-37-43

15	Қарағанды қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы , Чкалов көш., 7 үй	41-63-03
16	Қарағанды қаласының N 3 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Октябрь ауданы, 21 шағын ауд., 67 үй	42-72-60 (вн. 137)
17	Қарағанды қаласының N 4 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Теміртау қ., Блюхер көш., 23 үй	98-65-87
18	Қостанай қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қостанай қ., Таран көш., 114 үй	53-45-74
19	Қызылорда қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қызылорда қ., Мұратбаев көш., н/ж	23-05-78
20	Ақтау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Ақтау қ., 15 шағын ауд., 67 "б" үй	31-85-16
21	Шымкент қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Шымкент қ., Мәделі-Қожа көш., н/ж	30-06-79
22	Шымкент қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Шымкент қ., Мәделі-Қожа көш., ж/с	21-46-37
23	Павлодар қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Павлодар қ., Павлов көш., 48 үй	33-47-55
24	Петропавл қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Петропавл қ., Әуезов көш., 157 үй	33-66-16
25	Өскемен қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Өскемен қ., Белинский көш., "а" үй	37 22-24-28
26	Өскемен қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Өскемен қ., Ушанов көш., 99/1 үй	29-61-28
27	Өскемен қаласының N 3 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Семей қ., 408-ой квартал, 21 үй	33-55-93

Мемлекеттік қызмет көрсету

стандартына 2-қосымша

Кесте. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақыттылығы			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде			

қызмет көрсетуді ұсыну оқиғалары % (үлесі)	95%	80%	
1.2. қызмет алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90%	50%	
2. Сапасы			
2.1. қызмет көрсетулерді ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90%	70%	
2.2. құжаттар дұрыс ресімделген жағдайлары (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95%	85%	
3. Қол жетімділік			
3.1. қызмет көрсетулерді ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	80%	60%	
3.2. тұтынушылар құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80%	45%	
3.3. Интернет арқылы қол жетімді қызмет көрсетулердің, ақпараттардың % (үлесі)	50%	40%	
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. қызмет көрсетудің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санымен негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1%	0,3%	
4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізді шағымдардың % (үлесі)	95%	70%	
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібімен қанағаттандырылған тұтынушылардың % (үлесі)	85%	75%	
4.4. шағымдану мерзімімен қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95%	60%	
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	90%	70%	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң м . а .

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 қ а з а н д а ғ ы

№ 2 8 8 б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің СТАНДАРТЫ "Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу"

1. Жалпы ережелер

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - мемлекеттік тіркеу) - жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарды) туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын және құқықтық кадастрдағы мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілерін мемлекеттің тануы мен растауының міндетті рәсімі (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң), "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 454 қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Қараныз P090000428

4. Мемлекеттік қызмет аумақтық әділет органдарымен (бұдан әрі - уәкілетті орган) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) арқылы көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетудің аяқтау нысаны жүргізілген тіркеу туралы белгісі бар құқық белгілейтін құжатты, не Заңда көзделген негіздер бойынша мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы құжатты беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) жылжымайтын мүлікке құқықтарды (осындай құқықтар ауыртпалықтарын) және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға өтініш түскен сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс.

Мемлекеттік органдар және өзге де уәкілетті адамдар салатын ауыртпалықтарды, сондай-ақ заңдық талаптарды тіркеу тіркеуші органға өтініш түскен сәттен бастап дереу жүргізілуге тиіс;

2) құжаттарды тапсырған кезде кезекте күту уақыты 30 минуттан аспайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.11 N 12 бұйрығымен.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.
Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді

мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкалары:

1) меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару, кепіл, рента, пайдалану (сервитуттардан басқасы) құқықтарының туындауын тіркегені үшін :

пәтерге, жеке тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстарымен және басқа да ұқсас объектілерімен), шаруашылық құрылыстарына - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызын;

тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстарымен және басқа да ұқсас объектілерімен), тұрғын үйдегі тұрғын емес үй-жайға, тұрғын емес құрылысқа - алым төлеген күні қолданыстағы сегіз есе айлық есептік көрсеткішті;

гараждарға - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызын ;

мыналардан тұратын тұрғын үйге жатпайтын мүліктік кешендерге (үйлерге, құрылыстарға, ғимараттарға):

бір объекіден - алым төлеген күні қолданыстағы он есе айлық есептік көрсеткішті ;

жеке тұрған екіден беске дейінгі объекіден - алым төлеген күні қолданыстағы он бес есе айлық есептік көрсеткішті;

жеке тұрған алтыдан онға дейінгі объекіден - алым төлеген күні қолданыстағы жиырма есе айлық есептік көрсеткішті;

жеке тұрған оннан жоғары объекіден - алым төлеген күні қолданыстағы жиырма бес есе айлық есептік көрсеткішті;
шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін:

тұрғын үйге (шаруашылық құрылыстарымен және басқа да ұқсас объектілерімен), тұрғын үйдегі тұрғын емес үй-жайға, тұрғын емес құрылысқа, тұрғын үйге жатпайтын мүліктік кешендерге (үйлерге, құрылыстарға, ғимараттарға) - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткішті;

2) жер теліміне құқықтарды (құқықтардың ауыртпалықтарын) тіркегені үшін: меншік, жерді пайдалану құқығын, өзге де құқықтарды (құқықтардың ауыртпалықтарын) - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызын ;

сервитутты (объектілерден тәуелсіз) тіркегені үшін - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызын;

3) кондоминиум объектісін тіркегені үшін - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткішті;

4) алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткіштің 25 пайызы :

ипотекалық куәлік бергенін және оны кейіннен басқа иесіне беруді тіркегені үшін ;

мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін тіркегені үшін;
құқық иесінің деректерінің, жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендірілген сипаттамасының өзгерістерін тіркегені үшін;
опат болуы, бұзылуы нәтижесінде және құқығының ауысуына байланысты емес өзге де жағдайларда жылжымайтын мүлікке құқықтарының тоқтатылуын тіркегені үшін;

құқығының үшінші тұлғаға ауысуына байланысты емес, ауыртпалықтың тоқтатылуын тіркегені үшін, оның ішінде жылжымайтын мүлік ипотекасының тоқтатылуын тіркегені үшін;

олар бойынша міндеттемелер ипотекамен қамтамасыз етілген банктік қарыз шарты бойынша талаптардан қайтуды тіркегені үшін;

құқықтың (құқық ауыртпалығының) немесе өзге де заңи фактілердің туындауына негіз болып табылатын шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде құқықтың немесе құқық ауыртпалығының өзгеруін тіркегені үшін;

5) жылжымайтын мүлікке өзге құқықтарды, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке құқықтардың ауыртпалықтарын тіркеген үшін - алым төлеген күні қолданыстағы бір айлық есептік көрсеткіштің 50 пайызын құрайды.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген веб-сайттарында, сондай-ақ ақпараттардың ресми көздерінде және орталықтар үй-жайларындағы стендтерде орналастырылады.

10. Мемлекеттік қызмет аптаның алты күнінде, жексенбіні қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ға дейін ұсынылады. Қабылдау "электронды" кезек тәртібінде, алдын-ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет Орталық ғимаратында көрсетіледі. Залда анықтама бюросы, күту үшін креслолар, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стендтер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші (өтініш берушінің уәкілетті өкілі) оның жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі және мынадай құжаттарды:

- 1) белгіленген үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;
- 2) жылжымайтын мүлікке техникалық паспортты және (немесе) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын қоса бере отырып, құқық белгілейтін және тіркеу объектісін растайтын өзге де құжаттарды;
- 3) өтініш берушінің (жеке тұлғаның) және өтініш берушінің уәкілетті өкілінің

жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесін;

4) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге алым төлегенін растайтын құжатты;

5) заңды тұлғалар жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа құрылтай құжаттарын ұсынады. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде не құрылтай құжаттарында көзделген жағдайларда жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға немесе иеліктен айыруға құрылтайшылар (қатысушылардың, директорлар кеңесінің, акционерлер кеңесінің) жиналыстарының хаттамаларын (олардан үзінділер) ұсынады.

Шетелдік заңды тұлғалар сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді немесе шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжатты мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасымен ұсынады;

6) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген өзге де құжаттар.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.02.12 N 14 Бұйрығымен.

13. Бланкілер күту залындағы арнайы тағанда орналастырылады немесе Орталықтың консультантында болады.

14. Құжаттарды қабылдау "терезенің" арналғаны және атқаратын функциясы туралы ақпарат ілінген, сондай-ақ Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетілген "терезе" арқылы жүзеге асырылады.

15. Тұтынушыға :
сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;
сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
құжаттардың беру күні, уақыты және орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілуімен, тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

16. Дайын құжаттарды тұтынушыға беру Орталық инспекторымен "терезе" арқылы күн сайын мерзімі көрсетілген қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Егер тұтынушы құжаттарды алуға мерзімінде хабарласпаған жағдайда, Орталық олардың бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органға береді.

17. Уәкілетті органмен мемлекеттік тіркеуден мынадай жағдайларда:

1) құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері, жылжымайтын мүлікке және өзге де тіркеу объектілеріне құқық немесе құқық ауыртпалығы түрі

не олардың туындау, өзгеру немесе тоқтатылу негіздері заңнама талаптарына сәйкес келмеген кезде;

2) егер қажетті құжаттардың болмауы тіркеуді тоқтата тұруға негіз болып табылмаса, өтініш иесі осы стандарттың 12 тармағында көрсетілген мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде;

3) нысаны мен мазмұны бойынша заңнама талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар тіркеуге ұсынылған кезде;

4) құқықты немесе өзге де мемлекеттік тіркеу объектісін мемлекеттік тіркеуді болғызбайтын ауыртпалықтар болған кезде;

5) заңды күшіне енген сот актісінің негізінде;

6) егер тіркеуді тоқтата тұру мерзімі ішінде тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар жойылмаған болса;

7) егер тіркеу объектісі ауысу, өзгеру, тоқтату немесе осындай құқыққа қатысты ауыртпалықты белгілеу болып табылса, ол туындаған кезде қолданыста болған заңнамаға бұрын туындаған құқық сәйкес келмегенде бас тартылуы мүмкін.

Мемлекеттік тіркеуден бас тарту кезінде тіркеуші орган (уәкілетті орган) өтініш берушіге өтініш келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күнінен кешіктірмей бас тартудың себептерін көрсете отырып хабарлама жіберуге тиіс.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мынадай жағдайларда:

сотқа берілген талап-арыздар мен өзге де өтініштер (шағымдар) негізінде соттың қаулысы (ұйғарымы) бойынша;

прокурорлық қадағалау актілеріне сәйкес заңның бұзылуы жойылғанға дейін;

егер қажетті құжаттардың болмауы тіркеуге құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылмаса, өтініш берушінің Заңның 21-бабына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуы үшін;

мемлекеттік органдардан, егер көрсетілген мән-жайлар құжаттарды тіркеуге қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылмаса, осындай органдардан шығатын құжаттарда ақпараттың болмауына немесе осы құжаттарда белгілі бір қарама-қайшылықтардың болуына байланысты түсініктемелер алу немесе қажетті ақпаратты талап ету үшін;

құқық белгілейтін құжаттардың негізінде белгіленетін тіркеу объектісінің және өтініште көрсетілген тіркеу объектісінің сәйкессіздігі кезінде олардың арасындағы қайшылықтарды жою үшін тоқтатыла тұрады.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру туралы шешімді тіркеуші орган мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған кезден бастап құжаттарды бергенге дейін, бірақ мемлекеттік тіркеу мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдауы мүмкін.

Тіркеуді тоқтата тұрған кезде тіркеуші орган (уәкілетті орган) өтініш берушіге (өтініш берушінің уәкілетті өкіліне) тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдерін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Орталық қызметі:

- 1) адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 2) қызметтік борышты сақтау кезінде заңдылықты сақтау;
- 3) сыйылық;
- 4) түбегейлі және толық ақпарат беру;
- 5) ақпаратты қорғау және құпиялылық қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасына наразылықтар болған жағдайда шағым Орталық директорының және (немесе) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі басшылығының атына беріледі.

22. Шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта бойынша немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электронды түрде не Орталықтың кеңсесі арқылы жұмыс күндерінде қолма-қол қабылданады.

23. Қабылданған шағым Орталықтың ақпараттарды есепке алу журналында тіркеледі және заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

6. Байланыс ақпараты

24. Орталық директорының жұмыс және қабылдау кестесі Орталықтың жұмыс кестесіне сәйкес анықталады.

Орталықтың байланыс телефондары ақпараттардың ресми көздерінде және Орталық үй-жайларындағы стендтерде орналастырылады.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, N 35 көше, N 8 үй, веб-сайт: www.minjust.kz., call-орталықтың нөмір телефоны (7172) 50-29-31.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

N п/п	Орталықтардың атауы	Орталықтардың орналасу мекенжайлары	Телефондары нөмірі
1	Астана қаласы Алматы ауданының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., Жұбанов көш., 2 үй	37-02-06
2	Астана қаласы Алматы ауданының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	А с т а н а қ . , 70 "а" көш.	40-65-62
3	А с т а н а қ а л а с ы Сарыарқа ауданының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Астана қ., Пушкин көш., 97 үй	37-70-65
4	Астана қаласы Сарыарқа ауданының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	А с т а н а қ . , 81 көш., 85 үй	43-84-14
5	А л м а т ы қ а л а с ы Алмалы ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 221 үй	263-82-51
6	Алматы қаласы Түркісіб ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Зорге көш., 9 үй	234-09-64
7	Алматы қаласы Бостандық ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Алматы қ., Ходжанов көш., 9 үй	248-17-77
8	Көкшетау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Көкшетау қ., Әуезов көш., 189 "а" үй	40-10-76
9	А қ т ө б е қ а л а с ы н ы ң Халыққа қызмет көрсету орталығы	Ақтөбе қ., Тургенев көш., 109 үй	57-84-84
10	Талдықорған қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Талдықорған қ . , Тәуелсіздік, көш. 67 "б" үй	24-41-33
11	А т ы р а у қ а л а с ы н ы ң Халыққа қызмет көрсету орталығы	Атырау қ., Баймұханов көш., 16 үй	35-47-05
12	Орал қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	О р а л қ . , Жамбыл көш., 81 үй	28-40-73, 28-13-12
13	Тараз қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Т а р а з қ . , Қойгелді көш., 158 "а" үй	43-84-18 (i. 147)
14	Қарағанды қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Мұқанов көш., 5 үй	77-26-57, 77-37-43

15	Қарағанды қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, Чкалов көш., 7 үй	41-63-03
16	Қарағанды қаласының N 3 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қарағанды қ., Октябрь ауданы, 21 шағын ауд., 67 үй	42-72-60 (i. 137)
17	Қарағанды қаласының N 4 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Теміртау қ., Блюхер көш., 23 үй	98-65-87
18	Қостанай қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қостанай қ., Таран көш., 114 үй	53-45-74
19	Қызылорда қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Қызылорда қ., Муратбаев көш., н/ж	23-05-78
20	Ақтау қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Ақтау қ., 15 шағын ауд., 67 "б" үй	31-85-16
21	Шымкент қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Шымкент қ., Мәделі-Қожа көш., н/ж	30-06-79
22	Шымкент қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Шымкент қ., Мәделі-Қожа көш., н/ж	21-46-37
23	Павлодар қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Павлодар қ., Павлов көш., 48 үй	33-47-55
24	Петропавл қаласының Халыққа қызмет көрсету орталығы	Петропавл қ., Әуезов көш., 157 үй	33-66-16
25	Өскемен қаласының N 1 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Өскемен қ., Белинский көш., "а" үй	22-24-28
26	Өскемен қаласының N 2 Халыққа қызмет көрсету орталығы	Өскемен қ., Ушанов көш., 99/1 үй	29-61-28
